

<sup>1</sup>NAO "Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov", Kokshetau, 020000, Kazakhstan Republics. orcid.org/0000-0002-0574-643X e-mail: guldentleuberdinga@inbox.ru

<sup>2</sup>NAO "Karaganda University named after E.Buketov", Karaganda, 040000, Republic of Kazakhstan

*The article analyzes the command of the last Kazakh Khan Kenesary, the image of his heroes who glorified his army. Together with Kenesary, they went through fire and water, took on the brunt of the uprising. We found out that the national liberation uprising led by Kenesary–Nauryzbai inspired the whole people and brought many batyrs to the historical stage. In this study, we carried out a literary analysis of the Kenesary image in the works of folk poets, writers and other researchers of the Kenesary image. The analyzed epics tell about the heroic deeds of the batyrs, which they performed either together with Kenesary or alone. For example, the feat of Buggybai batyr is especially noticeable in the fortification at the foot of the Alatau in front of the Kyrgyz people. The history of Kazakh literature illustrates the valor of Kenesary Khan, his achieving victory together with the batyrs for the liberation of the nation and the land. The historical realities of the uprising led by Kenesary and Nauryzbai, as well as works written about them, give an opportunity to take a fresh look at the spiritual breakthrough of our freedom-loving consciousness. Researchers' opinions about the obvious political nature of the mass anti-colonial uprisings of Kenesary and their place in Kazakh history are given.*

*Keywords: historical song, Kenesary, Nauryzbai, national liberation uprising, politics, war.*

Received: 08.10.2022

## **ӘОЖ 882**

**С.А.Сағатаева<sup>1</sup>, Р.Ж.Киякова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>магистрант, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, E-mail: [saltanatasqarqyzy@mail.ru](mailto:saltanatasqarqyzy@mail.ru)

<sup>2</sup>ф.ғ.д., профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, E-mail: [raua\\_5@mail.ru](mailto:raua_5@mail.ru)

### **ЖҰМБАҚ ЖАНРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

*Тәрбие тал бесіктен басталады. Халқымыздың баға жетпес асыл құндылығы ана тіліміз арқылы ел болашағы кішкентай балаларымыздың бойына ұлттық болмысымыз, дүниетанымымыз, салт-санамызды дарытып, еліне деген құрметті, сүйіспеншілікті қалыптастырамыз. Бұл ретте, баланың ой-өрісін кеңейту, байқағыштық қабілетін дамытумен қатар сөздік қорын байытатын жұмбақтардың маңызы ерекше. Жұмбақ – белгілі бір зат немесе құбылыстың атын атамай, соған ұқсас өзге зат не құбылыстармен салыстыра, ұқсаста отырып, көркем тәсілдермен жеткізетін, адамның дүниетану жолындағы ойының, қиялының шамасын білдіретін, күннен-күнге дамып келе жатқан халық ауыз әдебиетінің үлгісі.*

*Мақалада жұмбақтарда кездесетін көркемдегіш құралдар, олардың берілу жолдары, сонымен қатар жұмбақтардың ұлттық сипаты, бала тәрбиесінде алатын орны туралы айтылған.*

*Кілт сөздер: жұмбақ, көркемдік ерекшелік, метафора, теңеу, ұлттық сипат, бала тәрбиесі.*

## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Сөз өнерін, тіл құдіретін қадір тұтқан қазақ халқы жұмбақты адамның білім деңгейін, парасатын аңғартатын үлкен өнер деп бағалаған, сол себепті ел арасындағы ақындар, би-шешендер, қадірлі адамдар ақыл-ойларын, түсінік-пайымын сынау мақсатында бір-біріне жұмбақ жасырып, асқан тапқырлықпен оның шешуін тауып отырған.

Әрбір халықтың ауыз әдебиеті сол халықтың салт-сана, дүниетанымынан, әдет-ғұрпынан, ғасырлар бойы жинақтаған рухани мұрасынан сыр шертеді. Соның ішінде ауыз әдебиетінің шағын жанры жұмбақтар адам баласының ой-өрісінің кеңеюіне, білім деңгейінің өсуіне септігін тигізіп, тапқырлыққа, ізденімпаздыққа баулиды әрі мол тәлім-тәрбие береді. Сол арқылы халықтың рухани мұрасын даралайды әрі байытады.

## КІРІСПЕ

Жұмбақ – белгілі бір зат немесе құбылыстың атын атамай, соған ұқсас өзге зат не құбылыстармен салыстыра, ұқсата отырып, көркем тәсілдермен жеткізетін, адамның дүниетану жолындағы ойының, қиялының шамасын білдіретін, күннен-күнге дамып келе жатқан халық ауыз әдебиетінің үлгісі [1,231].

Ғалым С.Қасқабасовтың пікірінше, жұмбақ ежелгі рулық қоғамда өмір сүрген адамдардың құдіретті деп таныған құпия тілінің негізінде пайда болған. Ол: «Магиялық қасиет танылған осындай астарлы сөздің көмегімен аңды, табиғатты "алдауға, көңілдендіруге" болады, сөйтіп аң аулағанда, ау құрғанда табыс келеді деп сенген», – деген тұжырым жасайды [2,44].

Қазақ жұмбақтары ежелгі дәуірде туып, қазіргі кезеңге дейін ұзақ даму жолынан өтті. XIII ғасырда құрастырылған қыпшақ тілінің сөздігі “Кодекс Куманикусте” қырық жеті жұмбақ кездеседі. Ол жұмбақтар құрылымы жағынан болсын, табиғаты жағынан болсын қазіргі қазақ жұмбақтарына ұқсас. Мысалы,

- *Aq küymäniñ avzu yox. (Ol, yumurtqa) [3,24]*  
*Ақ қойманың аузы жоқ (жұмыртқа)*
- *Siyir sirtī, qoy qoñacı. (Ol, etik)[3,26]*  
*Сиыр – сырты, қой – қонышы. (етік)*

Сонымен қатар Махмұт Қашқаридің “Диуани лұғат ат-түрк” атты еңбегінде де қазіргі қазақ жұмбақтарының алғашқы үлгілері кездеседі.

Тілтану, әдебиеттанудың алғашқы іргетасын қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» еңбегінде жұмбақ туралы сөз еткен. Бұл еңбекте ғалым қазақ ауыз әдебиетін жұмсалу орнына қарай сауықтама және сарындама деп екі салаға бөледі. Сауық үшін айтылатын барша сөздерді сауықтама саласына жатқызып, ермектеме, зауықтама деген екі тарауға бөледі. Жұмбақтарды ертегі, ертегісімек, аңыз әңгіме, өтірік өлең, бас қатырғыш, жаңылтпаштардың – «ермек үшін айтылатын сөздердің», яғни ермектеме (ермек сөз) қатарына жатқызады. Ол: «Жұмбақ деген аты жұмудан шыққан: яғни қолдың ішіне бір нәрсені жасырып, жұмып тұрып, соны тап дегеннен шыққан. Жұмбақта нәрсені қолға жұмып тұрып таптырмайды. Ойда бүгіп, айтпай қойып, сол нәрсеге ұқсас нәрселерді сипаттап айтып, ұқсастығы бойынша таптырады», – дей келе, жұмбақтың зейінді ұстартуға үлкен пайдасы бар екенін айта кетеді [4,112].

Мұхтар Әуезов «Жұмбақ туралы» мақаласында жұмбақты «халық шығармаларының ішіндегі ең ескі түрінің бірі және барлық жұрттың фольклорына тән ортақ түр» ретінде көрсетеді және ертегі, хикая, шешендік сөздердің түгелдей жұмбаққа негізделіп құрылғандығын, айтыстарда жұмбақтасу әдісінің кең қолданылғандығын айтады [5,291].

Әдебиет зерттеушісі Мәлік Ғабдуллин жұмбақ жанрына: «Ойға алған нәрсенің өзін айтпай, оның сырт көріністерін, сыртқы белгілерін қысқаша сипаттауды, солар арқылы жұмбақ етілген затты табу», – деген анықтама беріп, ерте заманда туып, бүгінгі күнге дейін

өсу, жаңару үстінде келе жатқан ұлттық мәдениетіміздің көрнекті бір тарауы ретінде қарастырады [6,92].

Фольклортанушы С.Қасқабасов жұмбақ туралы: «Елге аян бір зат немесе құбылыс туралы түсінік әдейі жасырылатын шағын ғана көркем шығарма», – дей келе, жұмбақтардың пайда болғаннан бері атқарған қызметтеріне тоқталады. Ғалымның пікірінше, алғашында жұмбақтар қоршаған ортаның тылсым күштерінен қорғану мақсатында жұмсалса, кейін

Қазақ жұмбақтарын жинау ісі ХІХ ғасырдың 2-жартысында басталып, ХХ ғасырда одан ары жалғасты. Қазақ фольклоры мен ауыз әдебиетін жинақтап, алғаш рет жіктеп көрсеткен Ш.Уәлиханов, сондай-ақ, ағартушы Ы.Алтынсарин өз шығармашылығында жұмбақтарға арнайы тоқталған. Ауыз әдебиетін зерттеуші орыс ғалымы А.В. Васильев, сондай-ақ қазақ ғалымдары С.Аманжолов, Т.Жанұзақов, Қ.Саттаровтардың құрастыруымен қазақ жұмбақтары жинағы бірнеше мәрте кітап болып шықты.

Жұмбақтарды тек ауыз әдебиетінің ғана емес, жазба әдебиеттің де үлгісі ретінде қарастыруға болады. Өзінің бастау көзін, өсіп-өркендеу жолын фольклор қойнауынан алатын жұмбақ қазақ жазба әдебиетінде жалғасын тапты. Жазба әдебиеттің көрнекті өкілдері Абай, Шәкерім, С.Торайғыров, т.б. жұмбақ жанрында қалам тартты [7,74].

### МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Жұмбақтардың бала тәрбиесіндегі ролін айқындау, тәрбиелік мәнін ашуғылыми жоба тақырыбының өзектілігінің бір қыры болса, оқушы талдауға талпынған халық ауыз әдебиетіндегі жұмбақтардың көркемдік мәнін айқындау, соның негізінде олардың ұлттық сипатын зерделеу зерттеу жұмысының маңыздылығын арттыра түседі.

Жұмбақ жанрына тән ең басты ерекшелік – көлемі шағын, құрылымы жұп-жұмыр, шымыр болып, аз сөзбен көп нәрсені айта білуге бейімділік [6,74]. Мұхтар Әуезовтың «Жұмбақ туралы» мақаласын және Мәлік Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» еңбегіндегі жұмбақтар туралы пікірін негізге ала отырып, жұмбақ жанрына тән бірнеше ерекшелікті көрсетуге болады:

- 1) Жұмбақ асқан тапқырлықты қажет етеді. Жұмбақтың өзі де, оның шешуі де асқан тапқырлықпен құрылуға тиісті. Сонда ғана ол жұмбақ болады.
- 2) Жұмбақта қиялдан гөрі деректілік, нақтылық басым. Жұмбақталатын зат не құбылыс адамның көз алдындағы, күн сайын көріп, біліп отырған нәрселерден алынады.  
*Күндіз тіпті ұшпайды,  
Түнде тышқан ұстайды,  
Көзі шамға ұқсайды. (жапалақ)[8,86]*
- 3) Жұмбақталатын нәрселерді жалпылама түрінде алмай, бөлшектеп, жекелеп алады, әрбір заттың бөлек-бөлек бөлшектеріне айрықша көңіл аударады.  
*Ат басты,  
Арқар мүйізді,  
Бөрі кеуделі,  
Бөкен санды,  
Қос қанатты,  
Құмырсқа ізді,  
Бота тірсекті. (шегіртке)[9,101]*
- 4) Зат не құбылыс бір-біріне қарама-қарсы құбылыстарды сипаттау арқылы жұмбақталады.
  - \* *Аптақ дала, қара дән,  
Сепкен дәнін түсінуге жараған. (әріптер)[8,85]*
  - \* *Аяғы жоқ, жүреді,  
Аузы жоқ, сөйлейді. (хат)[9,87]*
  - \* *Аузы бар, тілі жоқ,  
Терісі бар, жүні жоқ.*

*Жүрегі бар, ізі жоқ.  
Қанаты бар ұшпайды,  
Су астында қыстайды. (балық)[9,99]*

5) Жасырынған зат не құбылысты сипаттаудағы ерекшелік:

а) сыртқы белгісі, кескін-кейпінсипаттау:

\* *Бес ін, бес іннің аузы – бір ін. (қолған)[9,86]*

б) әрбір затты құлаққа естілетіндыбыс белгісімен де бейнелеу:

*Шыр-шыр етеді,*

*Құлағыңнан өтеді.*

*Ұстай алсаң,*

*Сөйлеп кетеді. (телефон)[8,85]*

с) жұмбаққа алынатын нәрселерді атқаратын қызметіне қарап сипаттау.

*Ә, керемет бір ит бар*

*Үй бағады, үрмейді,*

*Аяғы жоқ жүрмейді.*

*Рұқсатынсыз ол иттің*

*Ешкім үйге кірмейді. (құлып)[9,87]*

6) Мағынасы бір-біріне жақын заттарды жұп-жұбымен, қосарлап айту. Ай мен күн, жер мен көк, қыс пен жаз, күн мен түн, қол мен аяқ т.б.

*Көп бауырсақ ішінде бір қалаиш (ай мен жұлдыздар).[9,91]*

7) Жұмбақтар көбінесе өлең түрінде келеді, кейде жай сөйлем, соның ішінде хабарлы не сұраулы сөйлем түрінде, тіпті сөз тіркесі түрінде де кездеседі.

\* *Дала кілемі (шөп, өсімдіктер).[8,90]*

\* *Қырда қылыш жарқылдайды (найзағай).[8,87]*

#### НӘТИЖЕЛЕР СӨЗІ

Әрбір жұмбақтағы негізгі ой көркем образ, оралымды ұшқыр сөз арқылы беріледі. Жұмбақта көркемдік суреттеу құралы ретінде бейнелеу тәсілдерінің төмендегідей түрлері кездеседі:

1) Теңеу - ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затпен салыстыру арқылы көркем образ жасау құралы.

\* *Бір құс бар, үлпілдеген жүні жұмсақ,*

*Тұяғы бейне болат алмас пышақ.*

*Тұмсығы имек, көрмейді күндіз көзі*

*Шарықтап көкті кезіп, түнде ұшады. (үкі)[9,100]*

\* *Екі басы жұдырықтай,*

*Ортасы қылдырықтай. (құмырсқа)[9,101]*

Мысалға алынған алғашқы жұмбақта үкінің тұяғын *болат алмас пышаққа* теңесе, екіншісінде *жұдырықтай, қылдырықтай* көркем теңеулері арқылы құмырсқаның бейнесін көз алдымызға елестетеді. Жалпы, жұмбақтарда -тай, -тей, -дай, -дей, және -ша, -ше жұрнақтары арқылы, сонымен қатар бейне, ұқсас сөздерінің тіркесуі арқылы жасалған теңеулер кездеседі.

2) Метафора - сөз мәнінендендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындайтүсу үшін, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа неқұбылысқа балау.

\* *Үлкен-үлкен түйені*

*Тастапты атам шөггеріп.*

*Өркеші бұлтқа тиеді,*

*Бауыры жатыр көгеріп. (тау)[9,94]*

\* *Үй үстінде ақ аю билеп тұр. (түтін)[9,93]*

\* *Қара сиырым қарап тұр,*

*Қызыл сиырым жалап тұр (қазан, от)[9,87]*

Бұл жұмбақтардағы түйе, түйенің өркеші, ақ аю билеп тұр, қара сиыр, қызыл сиыр сөздері мен сөз тіркестері метафораға жатады. Мұнда тауды үлкен түйеге, таудың шыңын оның өркешіне балайды, екінші жұмбақта будақтап шыққан түтіннің бейнесін билеп тұрған аюға ұқсатса, үшіншісінде қазан мен оттың сырт көрінісі, яғни оттың қызыл, қазанның, қазан күйесінің қара екеніне мән беріп, қызыл сиыр мен қара сиыр ретінде ауыстырып қолданады.

- 3) Метонимия - өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың, өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдану.

*Орманда тұрады, өзі бір қу,*

*Жүрген жері айғай да шу. (түлкі)[8,87]*

Жұмбақта жасырынып тұрған «түлкі» деген сөздің орнына түлкінің өзіне тән мінез-құлқын бейнелеп, «қу» сөзімен алмастырып суреттеп отыр.

- 4) Кейіптеу - жаратылыстың жансыз нәрселерін жанды нәрселердей суреттеу. Мысалы:

*Зырлайды күшік, әжемнің*

*Қолынан сүйек кеміріп.*

*Күн асқан сайын ақ күшік*

*Барады мүлде семіріп. (ұршық)[9,85]*

Жансыз нәрселерді жанды зат не құбылыс ретінде бейнелеу арқылы жұмбақтардың көркемдік сипаты артады. Сол арқылы балалардың қызығушылығын одан сайын оятып, шешуін тезірек табуға деген ұмтылысын арттырады.

- 5) Әсірелеу – құбылыс не затты өте асыра суреттеу.

*Ат басты,*

*Арқар мүйізді,*

*Бөрі кеуделі,*

*Бөкен санды. (шегіртке)[9,101]*

Жұмбақтарда әсірелеу тәсілі көп кездесе бермейді. Жоғарыда келтірілген мысалда алақанға сыйып кететін шегірткені мүшелерін жеке-жеке сипаттау арқылы үлкен жануар не жәндік ретінде асыра суреттейді.

- 6) Қайталау – сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап бейнелеу тәсілі.

*Шидім, шидім, шидім құс,*

*Ши басына қонған құс.*

*Қарқаралы қара құс,*

*Хан басына қонған құс. (шыбын)[9,102]*

Мысал етіп алынған жұмбақта тұтас сөз ғана емес, дыбыстық қайталау да, яғни дауыссыз дыбыстардың қайталануы – аллитерация бірнеше мәрте қайталанып тұр.

- 7) Градация - алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы құбылыстан соңғы құбылысты асыра, асқақтата жеткізетін бейнелеу тәсілі.

*Ұзын, ұзын, ұзын жол,*

*Ұшына жеткен бар ма екен?*

*Түбі терең қара су,*

*Түбіне жеткен бар ма екен?*

*Түбіне жетіп бұл судың,*

*Қанып ішкен бар ма екен? (білім)[8,92]*

Жоғарыда келтірілген жұмбақ – соңғы кезде шығарылған жұмбақтардың бірі. Мұнда *ұзын жолдың шетіне жету, қара судың түбіне жету, қара суды қанып ішу* сияқты тіркестерді бірінен-бірін асыра суреттеу арқылы оқырманның назарын аудартып, қызықтыра түседі, сол арқылы жұмбақтың көркемдік ерекшелігі арта түседі.

Жұмбақтың тілдік өрнектерінде халықтың тарихи-қоғамдық өміріндегі, тұрмыс-тіршілігіндегі өзгешеліктерді танытатын, солардан туындаған нақыш-өрнектер, ауыстырулар өте мол. Бұл тілдік өрнектерге ұйытқы, тірек сөздер алуан түрлі, олар әр түрлі табиғат

құбылыстарына, тұрмыс пен шаруашылық, әдет-ғұрып, қоғамдық қатынастарға байланысты лексиканы қамтиды.

\* *Қара сиырым қарап тұр,  
Қызыл сиырым жалап тұр.(қазан мен от)[9,87]*

\* *Қатар-қатар тас қойдым,  
Жирен атты бос қойдым.(тіл мен тіс)[9,103]*

Қазақ халқының негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандықтан, қазақ жұмбақтарында және ауыз әдебиетінің өзге жанрларында да халқымыздың көшпелі тұрмысы кең көрініс тапқан. Жоғарыда келтірілген жұмбақтарда *қара сиыр*, *жирен ат* сөз тіркестері бұған дәлел бола алады.

\* *Айдалада ақ отау,  
Аузы-мұрны жоқ отау.(жұмыртқа)[8,87]*

\* *Бүктегенде бір уыс,  
Шаңырақтай жайғанда.  
Қолтығына тығылып,  
Жүреміз күн жауғанда.(қолишатыр)[10,12]*

Махмұт Қашқаридің еңбегінде кездесетін бұл жұмбақта да халқымыздың ұлттық сипатын танытатын сөздер де қолданылып отыр. «Ақ отау», «шаңырақ» ұғымдары қазақ үшін киелі, қастерлі ұғымдар. Көшпелі тұрмыс кешкен халқымыздың негізгі баспанасы - киіз үй, оның бөліктері жұмбақтарымызда көп кездеседі. Ал мысалға алынған алғашқы жұмбақта жұмыртқаны түсінің ақтығын, төбесінің дөнес келетінін ақ отауға ұқсату арқылы көркем бейне жасалады.

Салыстыру үшін: алдындағы жұмбақта қолшатырды суреттеу үшін шаңырақ сөзі қолданған. Дәл осы қолшатырды орыс тілінде саңырауқұлаққа, өздерінің тағамы блины-ге ұқсатып жасырады. Мысалы: «Свернёшь - клин, развернёшь - блин». Бұдан нені түсінуге болады? Әр халықтың жұмбақтарында ұлттық сипат бар.

\* *Көк көйлекті жеңешем,  
Көлбең-көлбең етеді,  
Көкке қолы жетеді.(түтін)[9,87]*

Бұл жұмбақта халқымыздың «жеңешем» туыстық ұғымы түтін деген жұмбақталып тұрған сөзді метафора тәсілімен бейнелеп тұр.

Сонымен қатар ауыз әдебиетімізде ұлттық сипатын танытатын халқымыздың ұлттық киімдерінің, тұрмыстық заттардың, қару-жарақтың атаулары бар жұмбақтар көп кездеседі.

\* *Тақиям толған сөк,  
Таңертең тұрсам, дым да жоқ.(жұлдыз)[8,89]*

\* *Әуеден күбі түсті,  
Күбінің түбі түсті.(найзағай)[8,89]*

\* *Біреуге найза түйрейді,  
Өзі де содан күйрейді.(ара)[9,102]*

Ерте заманда туып, күннен күнге жаңару, даму үстінде келе жатқан қазақ халқының жұмбақтары - ұлттық мәдениетіміздің көрнекті тарауы. Жұмбақтың негізгі шарты тұспалдап айтылған зат не құбылыстың не екенін тауып айту ғана емес, бір-біріне баламалап айтылған екі заттың әрқайсысының өзгешелігін, ұқсастығын байқауға үйрету болып табылады. Оларды адам баласының ой-өрісінің, дүниетанымының кеңеюіне көмектесетін, байқағыштыққа, ізденімпаздыққа үйрететін, тәрбиелік мәні зор халық туындысы деп атауға болады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

А.Құнанбаев он тоғызыншы қара сөзінде: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан

білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады», – дейді. Сол себепті баланы сәби кезінен тәрбиелік маңызы жоғары халық даналығының кәусар бұлағымен сусындату қажет.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев) Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 бет.
- 2 Қасқабасов С. Ойөріс. Алматы: “Жібек Жолы”, 2009. – 303 бет
- 3 Гаркавец А. Codex Cumanicus. Половецкие гимны, молитвы и загадки XIII-XIV веков. – Москва: Русская деревня, 2006. – 89 с.
- 4 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. – 208бет
- 5 Мұхтар Әуезов. Энциклопедия. / Бас ред. С.Қасқабасов. – Алматы: Атамұра,2011.
- 6 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы: Санат, 1996. – 368 бет
- 7 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. –576 бет
- 8 Көркем әдебиет. Хрестоматия. Алматы: Аруна,1998. –144 бет
- 9 Кім күшті? Балалар фольклоры. Алматы: Жазушы, 2003. –224 бет
- 10 100 Жұмбақ. Алматы: Аруна, 2013

#### REFERENCES

- 1 Literature. Dictionary of terms (authors: Z. Akhmetov, T. Shanbayev) Almaty: Ana tili., – 384 p.
- 2 Kaskabasov S. Ooris. Almaty: "Zhibek Zholy", 2009. - 303 p.
- 3 Garkavets A. Codex Cumanicus. Polovtsian hymns, prayers and riddles of the XIII-XIV centuries. – Moscow: Russian Village, 2006. – 89 p.
- 4 Baitursynov A. Literary critic. Research and poems. Almaty: Atamura, 2003. – 208 p.
- 5 Mukhtar Auezov. The Encyclopedia. / Chief Ed. "I Don't Know," He Said. - Almaty: Atamura,2011.
- 6 Gabdullin Folklore of the Kazakh people. Almaty: Sanat, 1996. – 368 p.
- 7 Kazakh literature. An encyclopedic reference book. - Almaty: Aruna, 2005. – 576 p.
- 8 Artistic literature. Textbook. Almaty: Aruna,1998. –144 p.
- 9 Who is stronger? Children's folklore. Almaty: Zhazushy, 2003. – 224 p.
- 10 100 puzzles. Almaty: Aruna, 2013

Материал 13.09.2022 баспаға түсті

#### Особенности жанра загадки

**С.А.Сағатаева<sup>1</sup>, Р.Ж.Киякова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

*Воспитание молодого поколения начинается с раннего детства, с колыбели. И с помощью языка, являющегося бесценным наследием казахского народа, мы передаем национальное бытие, мировоззрение, нравственные ценности и воспитываем уважение и любовь к народу. При этом важную роль играют загадки, которые расширяют кругозор, развивают наблюдательную способность, а так же восполняют словарный запас. В статье рассказывается о художественных средствах, встречающихся в загадках, способах их передачи, а также о национальной природе загадок и их роли в воспитании детей.*

*Ключевые слова: загадка, художественные методы, метафора, сравнение, национальная природа, воспитание детей.*

Материал поступил в редакцию журнала 13.09.2022

### **Features of the riddle as a genre**

**S.A. Sagataeva<sup>1</sup>, R.Zh. Kiyakova<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> Shoqan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan. E-mail: saltanatasqarqyzy@mail.ru

<sup>2</sup> Shoqan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan.

*Education of young generation begins in childhood, from the cradle. Via language, which is an invaluable heritage of the Kazakh people, we pass on our national life, world view, moral values and cultivate respect for and love to people. Riddles play an important role in this context as they broaden the outlook, develop the observation ability, and expand the vocabulary. The article describes the figures of speech found in riddles, the ways they are expressed, as well as the national specificity of riddles and their role in cultivating children.*

*Keywords: riddle, literary methods, metaphor, comparison, national specificity, education*

Received: 13.09.2022

### **МҒТАР 8.82**

**Г.К. Кажибоева<sup>1</sup>, Н.К. Смагулова<sup>2</sup>, Н.Н. Конкаева<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/>. E-mail: guldenkgk@mail.ru

<sup>2</sup>ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/>. E-mail: [smaghulova13@mail.ru](mailto:smaghulova13@mail.ru)

<sup>3</sup>п.ғ. магистрі, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/>. E-mail: nazgul\_28kz@mail.ru

### **ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ БАЛА ӘЛЕМНІҢ БЕЙНЕСІ**

*Әңгіме жанры туралы, оның ішінде қазақ балалар әңгімелері жайында кеңінен зерттелмеген тақырып деуге келмейді, осы кезеңге дейін талай-талай құнды еңбектердің жазылғандығы белгілі. Алайда аз ғана уақыт бұрын табалдырықтан аттаған ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде жазылған жаңа ғасыр әңгімелері зерттеу еңбектерінде ғана емес, баспасөз беттерінде де көп сөз етіле қоймаған. Мақалада талданған әңгімелер 2000 жылдан күні бүгінге дейін жазылған, басым көпшілігі әлі ғылыми айналымға түсіп үлгермеген. Осы тұрғыдан алғанда мақала бүгінгі күн тақырыбын жаңаша көзқарас, тың пікір тұрғысынан талдаған, өзіндік бағыт-бағдары бар еңбек болып табылады. тарауға топтастырыла қарастырылуы ғылыми жұмыстың жаңалығын танытады.*

*Мақалада қазақ әңгімесі жанрында қалам сілтеген аға және орта буын жазушыларының соңғы жылдары жазылған жаңа әңгімелері мен, жас қаламгерлердің тырнақалды дүниелері ғылыми тұрғыдан талданып, қазақ балалар әңгімелерінің ілгерілеу, даму мәселелері қарастырылды. Әңгімелер авторларының эстетикалық өре деңгейлері мен дүниетанымы, көркемдік ізденістері, аға буын өкілдері шығармашылықтарындағы жаңа ғасыр жаңалықтары мен жастардың әдебиеттегі аяқ алысы сараланды.*